

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жыртқыш аңдар: Жолбарыс

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- жолбарыс туралы білетіндерін еске түсіреді;
- үш тілде қайталайды неше дауысты дыбыс бар, астын сызады;
- бұған дейінгі өткен жануарлардың қайсысының мықты екенін (номерлеп) көрсетеді;
- жолбарыстың суреті оның қандай әрекетін бейнелеген, неге олай ойлайсың. Жолбарыстың неше аяғы бейнеленген? Неге? Екенін тұжырымдайды;
- суретті бояу үшін неше түсті қарындаш қажет, ойлан. Өзің ойланып артығын (X) белгіле. Тапсырманы орындайды;
- жолбарыс суреті туралы ой тұжырымдайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*бейнелеу*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)

Білім алушы игеретін білік-дағды:

- жолбарыс туралы біледі;
- үш тілде қайталайды, дауысты дыбыс саны мен буын санының бірдей екенін түсінеді;
- ұқсастықты ажырату дағдысын меңгереді;
- жолбарыс бейнесіне қарап, оның бейнеленген суреті туралы ой қорытады;
- сурет салу үшін қажетті құралдарды нақтылау, анықтау дағдысын қалыптастырады;
- сурет туралы сөйлеуге, ой қорытуға дағдыланады.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)



Сюжетті суретке қарап, жолбарыс туралы, оның үлкен, кішілігі туралы әңгімелейді.
(коммуникациялық дағды қалыптасады)


ЖЫРТҚЫШ АҢДАР – ЖОЛБАРЫС
(кітапшамен жұмыс)

1. *Полилингвалдық компонент:* үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

Өздік жұмыс


2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған аң атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (*танымдық дағды*)

3. Суретіне қарап сенің ойыңша (пішіні, күші т.б.) қайсысын қандай нөмермен нөмерлер едің



4. Жолбарыс бейнесін бейнелеуге тырыс, суретші қандай жағдайды бейнелеген.

5. Өзің шешім қабылда. Соған неше бояу қарындаш керек? Суретті боя.



6. Салыстыр. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.